

Аттестациялау, тракторист-машинист мамандығын меңгерген адамдарға біліктілік беру және оларға тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беру тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрлігі 1994 жылғы 5. желтоқсан Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1994 жылғы 5 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 30. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 33 (V042725) бұйрығымен.

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 тамызындағы N 735 қаулысына сәйкес әзірленіп, аттестациялау, тракторист-машинист мамандығын меңгерген адамдарға біліктілік берудің бірыңғай тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасы территориясында міндетті түрде іске асырылады.

2. Тракторист-машинистерді даярлау және қайта даярлау кәсіптік-техникалық училищелерде, оқу-курстық комбинаттарда (бөлімшелерде) және оқу орталықтарында, ал білім көтеру дағдыдағыдай оқу-курстық комбинаттарда (бөлімшелерде), оқу орталықтарында және курстарда белгіленген тәртіп негізінде бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен қатар оқу бағдарламасына сәйкес тракторист-машинист мамандығын жалпы білім беретін орта мектеп, арнаулы орта ауыл шаруашылық оқу орындарының оқушылары және жоғарғы ауыл шаруашылық оқу орындарының студенттері де меңгереді.

Бағдарламада тыңдаушылардың агротехника мен машина пайдалану негіздерін, тракторлар, басқа машиналардың құрылғысы мен техникалық пайдалануы, жол жүру, механикаландырылған және басқа жұмыстарды орындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін, еңбек ақы және оны ұйымдастыру, нарықтық экономика жағдайында жерді пайдалану және фермерлік шаруашылық жүргізу жөніндегі заң актілерінің негіздерін оқып білуі қамтылады.

3. Даярлау, қайта даярлау немесе білім көтеру курстарын бітірген тыңдаушыларды аттестациялау арнайы құрылған біліктілік комиссияларына емтихан тапсыру арқылы жүргізіледі.

4. Біліктілік комиссиясының төрағасы болып кәсіптік-техникалық білім беру органдарының өкілі тағайындалады, ал комиссия мүшелері - оқу орнының басшысы, арнаулы пәндердің оқытушылары, шаруашылық әкімшілігінің өкілдері

Комиссия құрамы белгіленген тәртіп бойынша бекітіледі.

5. Тракторист-машинист даярлау бағдарламасы бойынша оқыған жалпы білім беретін орта мектепті бітірушілер, өндірістік практика өткен шаруашылық біліктілік комиссиясына емтихан тапсырады.

6. Колхоз, совхоз (базалық шаруашылық) біліктілік комиссиясының төрағасы болып шаруашылықтың бас инженері тағайындалады, комиссия мүшелері - бас агроном, бас экономист, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы инженері, жол жүру қауіпсіздігі инженері, хатшысы, кадр бөлімінің қызметкері.

Колхоз, совхоздарда еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасы инженері немесе жол жүру қауіпсіздігі инженері болмаса, комиссия құрамына аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының жоғарыдағыдай мамандары қосылады.

Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларының біліктілік емтиханына мектеп өкілі қатыстырылады.

Кәсіптік-техникалық училище, арнаулы орта және жоғарғы ауыл шаруашылық оқу орындарының біліктілік комиссиясының құрамын жоғарғы органдарының келісімімен олардың басшылары анықтайды.

7. Біліктілік емтиханына 17 жасқа толған, денсаулығы тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге жарамды, белгіленген тәртіп бойынша бекітілген оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес теориялық және өндірістік оқудың толық курсына бітіргендер жіберіледі.

8. Біліктілік алуға аттестацияға жіберілгендер біліктілік (сынау) жұмыстарын орындаумен қатар оқу бағдарламасы көлемінде тракторлар, комбайндар, мелиорациялық, жол-құрылыс және ауыл шаруашылық машиналарының құрылғысы және техникалық пайдалану, жол жүру ережелерінен, машина-трактор агрегаттарында жұмыс істеудің практикалық дағдыларынан емтихан тапсырады.

9. Біліктілік емтиханының қорытындысы протоколға (1-қосымша) түсіріледі. Оған комиссия төрағасы, хатшысы және мүшелері қол қояды.

10. Емтихандарды ойдағыдай тапсырғандарға біліктілік комиссиясының шешімімен тракторист-машинист мамандығы және біліктілік куәлігі (2-қосымша) беріледі, ал орта кәсіптік-техникалық училищелерге жоғарыдағыларға қосымша училище бітіргені туралы диплом (аттестат) тапсырылады.

Тракторист-машинист мамандығын беретін сыннан өтпегендер, қайта емтиханға бес күннен кейін жіберіледі, ал жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне орта кәсіптік-техникалық училищелердің қысқартылған мерзімде оқытылатын бөлімдерінде оқып мамандық алуына, немесе шаруашылықта бір жыл жұмыс істеп белгіленген тәртіп бойынша біліктілік емтихандарын тапсырып тракторист-машинист мамандығын алуына мүмкіндік беріледі.

11. Оқу-курстық комбинаттар, кәсіптік-техникалық училищелер, оқу орталықтары және базалық шаруашылықтардағы курстар жекеленген жағдайда нақтылы бір трактор, астық жинайтын және басқа өздігінен жүретін комбайн, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарында жұмыс істейтін тракторист-машинист даярлауына болады. Оқу мерзімі жергілікті жерде машиналардың күрделілігіне байланысты анықталады, бірақ екі айдан кем болмауы керек. Оқу бітіргендерге нақтылы категорияға сәйкес тракторист-машинист мамандығы беріліп, куәлікте оқыған машинасының маркасы көрсетіледі.

12. Тракторлар, өздігінен жүретін машиналарды жүргізу құқы үшін оқытуға мүмкіншілігі жоқ елді мекендер мен жекелеген аймақтарда мемауылтехқадағалау инспекциясының жоғарғы органдарының шешіміне өздігінен даярлаған азаматтарды 14 кН (1,4 тс.) класына дейінгі доңғалақты тракторларды және өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге емтихан тапсыруына рұқсат беріледі.

13. Берілген категорияға байланысты тракторист-машинистер озық технология, қауіпсіздік техникасы және оқу жоспары мен бағдарламасы шарттарына сәйкес жұмыстарды өздігінен орындауы керек. Сонымен қатар куәлігінде рұқсат берілген белгісі бар категорияларға жататын тракторларда, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарында жұмыс істей алуы керек.

14. Тракторист-машинистерге I және II кластылық беруді біліктілік комиссиясы шешеді. Бұл жағдайда олардың өндірісте қол жеткен көрсеткіштері, еңбекке қатынасуы, жұмыс стажы ескеріледі.

Тракторист-машинистердің кластылығы үшін қосымша ақы колхоз басқармасының шешімімен немесе совхоз директорының, кәсіпорын, ұйымдар, мен мекемелер басшыларының бұйрығымен рәсімделеді.

15. Техникалық пайдалану, жол жүру және өндіріс жұмыстары қауіпсіздігі ережелерін өрескел бұзғаны үшін колхоз, совхоз, кәсіпорын біліктілік комиссиясы шаруашылық мамандарының ұсынысы бойынша белгіленген тәртіпке сәйкес тракторист-машинистердің кластылығын төмендетуіне болады. Кластылық төмендету ісін біліктілік комиссиясы олардың қатынасуымен қарайды. Комиссия шешімі протоколмен рәсімделінеді, ол кластылық үшін төленетін қосымша ақы төлеуді тоқтатуға негіз болып табылады.

16. Бір немесе бірнеше категорияға жататын тракторлар, өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге рұқсаты бар тракторист-машинистер өндіріске жаңадан қосылған немесе басқа категориялардағы трактор, комбайн, өздігінен жүретін машиналарды жүргізу үшін белгіленген тәртіп бойынша даярлықтан (қайта даярлықтан) өтіп, мемауылтехқадағалау инспекцияларынан бұл машиналарды жүргізу үшін рұқсат алуы керек.

Шаруашылыққа немесе кәсіпорындарға бұрын қолданылмаған жаңа машиналар түскен жағдайда әкімшілік белгіленген тәртіп бойынша, осы машиналарды жүргізуге мүмкіндік беретін категория бойынша оқу (қайта даярлау) курстарын ұйымдастыруы керек. Қайта даярлық курсы аяқталған соң, тракторист-машинистердің біліктілік куәліктеріне жаңа машиналарды оқығаны туралы белгі жасалынып, мөрмен куәландырылады.

17. Тракторист-машинистердің мамандығы бойынша жұмысында бір жылдан артық үзіліс болған жағдайда, олардың рұқсаты бар категорияға жататын тракторлар, басқа өздігінен жүретін машиналарды қайта жүргізуіне мемауылтехқадағалау инспекциясы жол жүру ережелері мен машина жүргізудің практикалық дағдыларынан білімдерінен тексерген соң жіберіледі, ал үзіліс үш жылдан артық болса медициналық куәландыру, біліктілік шарттары көлемінде білім деңгейі туралы шаруашылық анықтамасы және аттестациялық комиссиясының протоколының үзінді көшірмесі тапсырылуы керек.

18. Барлық тракторист-машинистер міндетті түрде денсаулық сақтау органдары белгіленген мерзімдерде медициналық қайта куәландырудан өтуі к е р е к .

Тракторист-машинистердің денсаулығына күмәнданған жағдайда мемауылтехқадағалау, МАИ қызметкерлері, шаруашылық басшылары, оны медициналық қайта куәландыруға белгіленген мерзімнен бұрын жіберуіне болады. Егер медициналық комиссия тракторист-машинисті тракторлар, басқа өздігінен жүретін машиналарды жүргізуге жарамсыз деп тапса, оның тракторист-машинист куәлігі қайтарылып алынады.

Аттестациялау, тракторист-машинист мамандығын меңгерген адамдарға біліктілік және оларға тракторлар, басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат беру тәртібі туралы Ереженің 1-қосымшасы

(колхоз, совхоз, кәсіпорын, оқу ұйымының толық аты)

Біліктілік комиссиясы мәжілісінің протоколы
N _____ " " _____ 19 жыл

Комиссия төрағасы _____

Хатшысы _____

Мүшелері: _____

1 . Р е т т і к с а н ы

2. Фамилиясы, аты, әкесінің аты

3. Мамандығы бойынша еңбек стажы (жыл)

4. Емтихан қорытындысы

а) тракторлар, басқа машиналардың құрылғысы, техникалық

пайдалану ережелері

ә) агротехника

б) жол жүру ережелері

в) машина жүргізудің практикалық дағдылары

г) жөндеу, сынау жұмыстары

5. Біліктілік комиссиясының мамандық беру туралы шешімі

6. Берілген куәліктің реттік саны

7. Алғаны туралы қолы

Қолы: Төраға _____

Хатшы _____

Мүшелері: _____

Аттестациялау, тракторист-машинист
мамандығын меңгерген адамдарға
біліктілік және оларға тракторлар,
басқа өздігінен жүретін ауыл
шаруашылық, мелиорациялық
жол-құрылыс машиналарын жүргізуге
рұқсат беру тәртібі туралы ЕРЕЖЕНІҢ
2-қосымшасы

(оқу ұйымдары қарайтын министрлік және
ведомстволардың аты)

(оқуды жүргізген ұйымның аты)

КУӘЛІК

КУӘЛІК N _____

Бұл куәлік азамат _____
(фамилиясы , аты ,

_____)
э к е с і н і ң а т ы)

берілді. Ол " " _____ " " _____
дейін даярлау, қайта даярлау, тракторист-машинист кластылығын
көтеру бағдарламасы бойынша _____
сағат көлемінде оқып, біліктілік емтихандарын мынадай бағаларға

("өте жақсы", "жақсы", "қанағаттанарлық") тапсырды:
Тракторлар, басқа машиналардың құрылғысымен техникалық пайдалау ережелері _____

(оқыған тракторлар, өздігінен жүретін машинаның маркасы көрсетіледі)
Агрономия негіздері, механикаландырылған жұмыс технологиясы және оны ұйымдастыру _____

Жол жүру ережелері _____
Машина жүргізудің практикалық дағдылары _____

Сынау (жөндеу) жұмыстары _____
Біліктілік комиссиясының " " _____ 19 ж.
шешімі бойынша, протокол N _____
азамат _____
тракторист-машинист мамандығы берілді.

М.О. _____ Біліктілік комиссиясының
төрағасы _____
Оқу орынының (шаруашылық)
басшысы _____

Мемауылтехқадағалау инспекциясы " " _____
199 жылғы N _____ ведомостке сәйкес сериясы
_____, реттік саны _____
категориясы _____ тракторист-машинист
куәлігін берді.

М.О. " " _____ 19 ж.

(қолы)

Құжат трактор немесе басқа өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиорациялық, жол-құрылыс машиналарын жүргізуге рұқсат бермейді.